




3–4 «А» және «Б» сыныптары арасында «Postcards from the Heart» атты ашық хаттар мен суреттер байқауы ұйымдастырылды. Бұл байқауда оқушылар ағылшын тілінде ізгі тілектер жазып, ашық хаттар жасады. Ең үздік жұмыстар мектептің дәлізінде көрмеге қойылып, мерекелік атмосфера қалыптастырды.



5–6 сынып оқушылары үшін көңілді әзілдер, жұмбақтар мен ойындарға толы «Funny English» атты интерактивті ойын өткізілді, бұл оқушылардың үлкен қызығушылығын тудырып, жағымды эмоциялар сыйлады. Сонымен қатар, 5–11 сынып оқушылары «Knowing English is cool!» атты іс-шараға қатысып, ағылшын тіліндегі кроссвордтар мен чайнвордтарды қызығушылықпен шешіп, өздерінің логикалық ойлау қабілеттері мен жақсы тілдік білім деңгейін көрсетті.